



Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскесін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 625 қаулысы
2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-
бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің
51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 5,2106 гектар жер учаскесі
"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу
басқармасының "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі
мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі –
мекеме) орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері,
ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жерлер
және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Түркістан облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесінің
магистралдық құбыржол салу үшін "Интергаз Орталық Азия" акционерлік
қоғамына (бұдан әрі – акционерлік қоғам) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Акционерлік қоғам (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының
қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын
жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алудан
туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасыларын республикалық
бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне
бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 625 қаулысына
қосымша

**Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс,
ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына
арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы, гектар	Орман көмкерген
--------------------------	----------------------	-----------------

1	2	3
"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5,2106	5,2106
Барлығы:	5,2106	5,2106